

Арыс қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2025 жылғы 6 қарашадағы № 38/216-VIII шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 726-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арыс қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі есепті салық кезеңі үшін 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қалалық мәслихат төрағасы

Қ.Ахметов